



# ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР ПЕДАГОГИКАСЫ. XXI ҒАСЫРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ

Оқытуды жобалау



Заманауи сандық технологиялар әлемнің барлық университеттері мен басқа да білім беру ұйымдарын дамыту үшін жаңа құралдарды ұсынады. Цифрлылық жинақталған тәжірибе және біліммен алмасуға мүмкіндік береді. Бұл адамдарға көп нәрсені білуге және күнделікті өмірдегі дәлелді шешім қабылдауға көмектеседі. Қызықты цифрлық инновациялардың арасында оқытудың аралас түрлері (blended learning) мен MOOC (Massive on-line open course) онлайн-курстарының белсенді түрде дамуы түрінде көрсетілетін онлайн-оқытудың жылдам бейімделуін атап өту керек.

Онлайн-оқытудың даму динамикасы жыл сайын онлайн-курстардың қолжетімділігінің екі еселеніп өсуінен көрініс табады. Бүгінде 500 университет 4200-ден аса курстарды ұсынады. Сол себепті сандық технология негізінде оқыту үрдісін жобалаудың қажеттілігі туындайды.

«Педагогика» ғымы оқыту мен үйрету аясындағы дәстүрлі тәсілдерді табуға көмектесе, «жобалау» идеялар мен жаңашылдықты анықтайды. Неліктен «жобалау» ғымы сандық технология дәуірінде педагогиканы қайтадан ойластыруға және оқытушы іс-әрекетінің маңыздылығын біріктіруге қолайлы?

Біріншіден, жобалау ғымы педагогика сияқты теория мен практиканың арасында тұр. Бұл прициптік тәсілмен қатар жағдаятқа үнемі бейімделетін тұжырымдық практиканы қамтиды. Басқаша айтқанда, бұл кең мағынада қолданылатын кіріктірілген, рефлексивті кәсіби оқыту мен іс-әрекетті күрделі мағынада сын тұрғысынан ұғынуының даму трансформациясына қол жеткізудегі тәжірибе түрі.

Екіншіден, «жобалау» – бұл құрастырылған кеңістік немесе интерфейс арқылы жүзеге асатын аса жоғары мәнге ие жаңа сандық экономикадағы құндылығы жоғары қызмет, бір пән немесе пәндердің байланыс төңірегіндегі қабілет. Біз академиялық әлемде жаңа ақпараттық технологиялардың білім берудегі құнды әрі мәнді жақтарына әсерін сөз еттік. Бұл өзгерістер комментаторлармен «постмодернизациялық өзгеріс» (мысалы, Nassan 1988) немесе білімнен «1 реттен 2 ретке» өту ретінде (Gibbons et al.1994) әртүрлі сипатталады. Кез келген жағдайда білім анықталу емес, ол уақытша, контекске сәйкестендірілген, арнайы мәдени, құрастырылған немесе әзірленген болып келеді. Бұл өзгеріс әсіресе, жаратылыстану және басқа «ағартушылық» ғылым академиясы тарапынан сынға ұшыраған. Бұл тәуелсіз зерттеудің риясыздығы ретінде академиялық құндылықтармен үйлеспейтін болып көрінуі мүмкін. Дегенмен осы пәндер аясында білімнің нақты қолдану түрі, тұтынушысы, тәсілі бар екендігі түсініліп, олар тұтынушылардың көмегімен жалғасын тапқан негізгі бағыттармен көрсетілетіні белгілі. Сондықтан жобалау көптеген академиялық пәндерде, сонымен бірге кәсіби оқытуда құнды іс-әрекет болып танылады.

Үшіншіден, курстардың сапасын қамтамасыз ету мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсты дамытуға формальды көзқарасты білдіреді. «Жобалар» сабақ жоспарлары, тексеру құжаттары мен оқу-әдістемелік нұсқаулық түрінде біліктілігін арттыру немесе жеке/кәсіби деңгейінің куәлануына шолу үнемі қарастырылады. Әртүрлі мемлекеттерде әртүрлі нысандарды қабылдайтынына қарамастан, ұлттық үкіметтердің жоғары және қосымша білім беру қол жеткізуге болатын «қайтарылатын инвестицияларды» құруға деген ұмтылысы білім беруді жобалау үрдісі мен оның нәтижелерін стандарттауды күшейте түсті.

Осылайша, жобалау білім беру саласындағы маңызды бағыт пен үздік педагогикалық инновациялармен практикасының тәжірибесін қолдану арқылы өзгертуге мықты мүмкіндік болып табылады.

Білім беру саласындағы жобалау мәселесін әдіснамалық талдау төрт деңгейді айқындайды:

- философиялық;
- жалпығылыми;
- нақты-ғылыми;
- ғылыми-әдістемелік.

Жобалаудың бірінші философиялық деңгейі мазмұнында әлеуметтік тәжірибе түрінде әрекет ететін білім берудегі инновациялық ілгерілеуді жүзеге асыру үдерісіне қатысты дамудың жалпы философиялық қағидасын нақтылауға баса назар аударылады. Бұл қағида тұрғысынан білім беру табиғи эволюциялық және жасанды түрде реттелетін дамуға қабілетті.



Жалпы ғылыми деңгей жобалау іс-әрекетінде жүйелілік, синергетикалық, іс-әрекеттік қағидалар мен аксиологиялық тұғырларды қолдануға, сонымен бірге білім берудегі инновациялық үрдістерге негізделген. Мұнда жобалау нысаны мәдени-ағартушылық орта болып табылады, ал оның мәні білім беру үдерісіне қатысушыларды шынайы ететін әртүрлі субъектінің санасын түбегейлі педагогикаландырудан тұрады.

Жобалаудың нақты ғылыми деңгейі оның ғылыми мазмұнымен ерекшеленеді, жобалау қызметінің негізін арнайы және нақты қағидалар құрайды.

Біріншілердің қатарында білім беру жобасының әлеуметтік құндылық қағидасы (қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру, білім алушыларды әлеуметтік қорғау, халықтың білім беру әлеуетінің өсуі), оның педагогикалық тиімділігі (білім алушылардың денсаулығын сақтау, оларды тәрбиелеу деңгейі, білім беру дайындығы және т.б.) және экономикалық мақсатқа бағыттылық (жобаға қатысушылар мен олардың ортасы) жатады.

Жобалаудың нақты қағидалар құрамы келесілерді қамтиды: әлеуметтік-мәдени сабақтастық (аймақтың дәстүріне, адамгершілік, эстетикалық құндылықтарға сәйкестігі), жеткіліктілік (білім беру іс-әрекетін жүзеге асыруға қажетті ресурстардың болуы), вариативтілік (білім беру маршруттарын таңдау мүмкіндігі).

Жобалаудың ғылыми-әдістемелік деңгейі көбінесе білім мазмұнындағы, әдістемедегі, технологиядағы, оқыту мен тәрбиенің құралы мен формасындағы, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы, басқарушы жүйедегі, әдістемелік (ғылыми-әдістемелік) жұмысты ұйымдастырудағы нақты өзгерістер тұрғысынан қарастырылады. Бірақ бұл ретте білім беру институттары, негізгі және қосымша білім беру формалары арасындағы сан алуан түрлі байланыстарды құру жағдайында қалыптасатын жаңа білім беру ортасының тұтас сипаттамасына жеткілікті назар аударылмайды.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, жобалау барлық деңгейде де жеке бірнеше әлеуеттерден қалыптасады: интеллектуалды (халықтың білім деңгейі), кәсіби-педагогикалық (педагогикалық кадрлардың кәсіби құрамы), ғылыми-педагогикалық (педагогикалық және онымен байланысты ғылымдар мен үрдістердің жағдайы), білім беру жүйесінің дамуын басқару қағидалары мен тетіктері (білім беру саясаты, дамыту бағдарламасы, нормативтік актілер және т.б.)

Осылайша, білім берудегі жобалау – бұл адамның өзі өмір сүретін қоғамда білім алу қажеттіліктерін және білім беру жүйесінің өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін қоғамдық практиканың формасы ретінде білімнің дамуын және өздігінен дамуын қамтамасыз ететін жобалар мен кешенді зерттеулерді жүзеге асыру бойынша іс-әрекеттердің ұйымдастырылған жүйесі.

Кәсіби практиканың басқа салалары сияқты білім берудегі жобалау үдерісі өзіне мыналарды енгізеді:

**Зерттеу.** Менің тұтынушыларым кім және оларға не қажет? Теорияның қандай қағидалары маңызды?

**Қолдану.** Бұл жағдайда осы қағидаттарды қалай қолдануға болады?

**Таныстыру немесе моделдеу.** Қандай шешім менің тұтынушыларымның қажеттіліктерін қанағаттандырады? Оны әзірлеушілерге немесе тікелей пайдаланушыларға қалай хабарлауға болады?

**Итерация.** Жобалау даму талаптарын қаншалықты қанағаттандырады? Тәжірибеде бұл қаншалықты пайдалы? Қандай өзгертулер қажет?

Оқыту әрдайым жоғарыда аталған тәртіп бойынша жобалауды енгізген. Сонымен қатар ол оқу үрдісін мұғалімдердің жағдаяттық-бағалау қабілеті, кері жауаптың уақыттылығы мен перформативті-бағалауы, өз дауысы мен физикалық қатысуы немесе оқыту стилі негізінде нәтижеге қалай жете алатындығы арқылы әрдайым мойындатқан.

Сандық технологияны қолдану арқылы білім жағдайының жаңа элементтерін алдын ала жоспарлау немесе әзірлеу қажет. Қазіргі уақытта мұғалімдердің кері жауап қайтарымы бар және де қызықты баяндайды. Бірақ кейде білім алушылармен өзара қарым-қатынас асинхронды түрде сандық медиа немесе тікелей эфир арқылы жүзеге асырылады. Педагогикалық тәжірибе бағыты қызықты және күтпеген нәтижеде, білім беру технологиясына асқан тәуелділікпен құрылуы айқын көрінді. Сол себепті қайта ойластыру мен қарастырып шолу жасау қолжетімді.



«Оқыту үшін жобалау» – біздің тарапымыздан ұсынылған сөз тіркесі, мұғалімдер және басқа да оқытуды қолдауға тартылған адамдардың оқыту жағдайына икемдеу арқылы жоспарға немесе құрылымға, әзірленген артефакттарды қабылдау үрдісі. Жағдай жалғыз міндет сияқты қарапайым немесе тұтас оқу курсы тәрізді күрделі болуы мүмкін. Оқу жағдайында төмендегілердің кез келгені нақты педагогикалық талаптармен жобаланған болуы тиіс:

- оқу ресурстары мен материалдары;
- оқу ортасы;
- құрал-жабдықтар;
- оқу әрекеті;
- оқу бағдарламасы немесе оқу жоспары.

Біз оқу үрдісіндегі жобалау туралы айтқанда арнайы және жүйелі түрде ғана емес, сондай-ақ білім беру қызметінің субъектілерімен кездесулерге нақты мақсаттар мен міндеттер қойған шығармашылық көзқарас ретінде қарастырамыз. Шын мәнінде білім алушылармен оқу жағдаяттарында оқытушы ретінде оқушыларды бізбен диалогқа тартып, оқыту мүмкіндіктеріне жекелей жауап беру және өзіндік оқытуға жауапкершілік алуымыз болжап болмайтын жайт. Сандық технологияларды пайдалану оқыту үдерісінің негізін өзгертпейді. Сондықтан біз тек іргелі мақсаттарға ғана арналған оқытудың шартты сипатын түсіну арқылы оқытудың толыққанды әзірленуі мүмкін емес екендігін мойындаймыз. Бұл күтпеген жағдайлар оқушылармен үнемі диалогта болуды талап етіп, тиімді жобалар тек тәжірибе, бағалау және рефлексия циклдары арқылы ғана дамиды.

Қорытындылай келе, біз жаңа сандық технологиялардың шоғырланған қызықты уақытта өмір сүретінімізді тілге тиек етеміз. Бұл технологиялар білім беру ұйымдарының қызметіне әсер етуде. Біз сандық жүйеге көшіруді ұтымды жүзеге асыруда оқушыға, талапкерге, студентке, педагогикалық, ғылыми-педагогикалық кадрларға және серіктестіктердің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы білім беру ұйымдарының әлі де жетілетініне сенімдіміз. Бұл жетілу білім беру ұйымдары іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, сандық жүйеге көшірудің жете ұғынылған стратегиясын дайындамай мүмкін емес.